

Темекі бұйымдарын және құрамында темекі бар өзге де бұйымдарды акциз таңбаларымен таңбалау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 тамыздағы N 792 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 527 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2021 № 527 қаулысымен.

Ескерту. Тақырыптағы, кіріспедегі және мәтіндегі сөздер алмастырылды - ҚР Үкіметінің 2005.05.23. N 495 , 2006.09.22. N 904 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Темекі бұйымдарын және құрамында темекі бар өзге де бұйымдарды заңсыз өндіруді және олардың айналымын болдырмау, акцизделетін тауарларды акциз таңбаларымен таңбалау тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. алынып тасталды

Ескерту. 1-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.22. N 904 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Темекі өнімдерін және құрамында темекі бар өзге де өнімдерді (бұдан әрі - темекі бұйымдары) жаңа үлгідегі акциз таңбаларымен міндетті түрде таңбалау 2003 жылғы 1 қазаннан бастап енгізілсін, сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының коды - 2402.

3. алынып тасталды

Ескерту. 3-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.22. N 904 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Отандық және импорттық өндірістегі темекі бұйымдарын 2003 жылғы үлгідегі акциз таңбаларымен сатуды:

1) темекі бұйымдарын өндірушілер мен импорттаушылар - 2003 жылғы 1 қазаннан бастап;

1-1) банкроттың мүлкін (активтерін) сататын конкурстық басқарушылар - 2005 жылғы 1 қыркүйектен бастап;

2) темекі бұйымдарын сақтауды және сатуды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар - 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап жүзеге асырады деп белгіленсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.23. N 495 қаулысымен.

5. Темекі бұйымдарын жаңа үлгідегі акциз таңбаларымен таңбалауды отандық темекі бұйымдарын өндірушілер, банкроттың мүлкін (активтерін) сататын конкурстық басқарушылар мен импорттаушылар жүзеге асырады деп белгіленсін.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.23. N 495 қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Банкнот фабрикасымен (филиалы) темекі бұйымдарын таңбалау үшін жаңа үлгідегі акциз таңбаларын дайындауға арналған шарт жасассын;

импортталатын темекі бұйымдары бойынша келісім-шарттарды есепке алуды міндетті түрде жүргізе отырып, темекі бұйымдарын өндірушілердің, банкроттың мүлкін (активтерін) сататын конкурстық басқарушылардың және импорттаушылардан акциз таңбаларын сатып алуға өтінімдер жинауды қамтамасыз етсін;

акциз таңбаларымен таңбалауға жататын акцизделетін тауарларды өндіру және оның айналымы саласында қызметін жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың темекі бұйымдарын түгендеуді жүргізу тәртібін әзірлесін.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.23. N 495 қаулысымен.

7. Темекі бұйымдары таңбаланған 1997 жылғы үлгідегі темекі бұйымдарына акциз таңбаларының құны, сондай-ақ темекі бұйымдары бойынша 2003 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша қалдықта болған, пайдаланылмаған 1997 жылғы үлгідегі темекі бұйымдарына акциз таңбаларының құны жүргізілген түгендеудің негізінде отандық тауар өндірушілер мен темекі бұйымдарын импорттаушылардың өндірісі мен айналымының шығындарына жатқызылады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.22. N 904 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. алынып тасталды

Ескерту. 8-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.22. N 904 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Мыналардың:

1) "Темекі бұйымдарын және құрамында темекі бар өзге де бұйымдарды акциз таңбаларымен таңбалау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 маусымдағы N 846 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 23, 290-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 тамыздағы N 1251 және 2001 жылғы 21 маусымдағы N 846 қаулыларына өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 қарашадағы N 1421 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 39, 498-құжат) 1-тармағы 2) тармақшасының күші жойылды деп танылсын.

10. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 8 тамыздағы
N 792 қаулысына
қосымша

Жаңа үлгідегі акциз таңбаларымен таңбалауға
жататын алкоголь өнімінің тізбесі
(осы қаулының 1-тармағына байланысты алынып тасталды)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК